

Жараткел негізгі орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылып бекітілді.

Мектепте жалпы жылдың басында 52 оқушы болды, 1 тоқсан аяғында 52 бала. 2 тоқсан басында 51 оқушы болды. Соның ішінде қыз 27, ұл 24. Жалпы отбасы саны 29, көп балалы отбасы саны 12, толық емес отбасы 5. Көп балалы отбасының балалар саны 30 бала. Толық емес отбасындағы бала саны 7. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы саны 2. Күнкөріс деңгейі төмен төмен отбасы саны 7. Қыркүйек айынан бастап № 63 бұйрыққа сәйкес ыстық тамақ ішетін бала саны 38 бала болып бекітілді. Қыркүйек айында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге не отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді.

Әлеуметтік педагогикалық диагностика негізінде мектептің әлеуметтік паспорты қыркүйек айында орындалды. Ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар үшін кеңес беріліп тұрды.

Мектепте 1-9 сыныптар аралығында 38 оқушы, 1-4 сыныптарда 24 оқушы, 5-9 сыныпта 14 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Күн көріс деңгейі төмен отбасынан шыққан 8 оқушы, атаулы әлеуметтік көмек алғандар 2 оқушы. Бракеражды комиссия құрамы келген тамақтың сапасын қарап тексереді.

Жараткел негізгі орта білім беретін мектебінде өгей ата-анамен тұрамын оқушылардың тұрмыстық әлеуметтік жағдайын тексеру мақсатында мектеп психологы М.Х.Ақниетова, әлеуметтік педагог М.Х.Байниязов бірге рейд жүргізді.

Өгей ата-анамен тұратын оқушылар 3 сынып оқушысы Кеулімхош Ерсұлтан, 6 сынып оқушысы Кеулімхошева Еркеназ, 8 сынып оқушысы Кеулімхошева Каусар – өгей әкесі Сейтен Нұржігіт 9 сынып оқушысы Көлбаев Жансұлтан – өгей әкесі Жолжанов Жасұлан. Осы аталған оқушылардың отбасы жағдайы төмендегідей: екі отбасын тексерген кезде отбасылардың жағдайлары жақсы, жатын бөлмелері ер балалар мен қыз балаға бөлек бөлмесі бар. Үйдің санитарлық жағдайлары қанағаттанарлық, сабаққа дайындалуға жағдай жасалған, мектепке қажетті оқу-құралдарымен жабдықталған. Кеулімхош Ерсұлтан, Кеулімхошева Еркеназ, Кеулімхошева Каусар көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатыр, екі отбасының әкелері мектептегі жиналыстарға және отбасылық сайыстарға қатысып отырады. Отбасында балаларға көңіл бөлінеді. Көлбаев Жансұлтан анасы және өгей әкесімен тұрады. Балалардың көңіл-күйі, сабаққа қатысымы жақсы, ешқандай арыз шағым жоқ. Осы аталған оқушылардың бос уақыттары мектеп әкімшілігімен қадағаланып, ұйымдастырылып отырады.

Мектепте өгей әкемен тұратын оқушылар бар. Екі отбасы анықталып, зерттеліп отыр. Соның ішінде Көлбаев Жансұлтан, әкесі Жолжанов Ж. Анасы Кребаева Ж. Отбасы жағдайы жақсы, ата-анасының екеуі де жұмыс жасайды. Үй жағдайы тексерілді, акт жасалды. Кеулімхошева Каусар, Кеулімхошева Еркеназ және Кеулімхош Ерсұлтан өгей әкесі Сейтен Нұржігіт, анасы – Сейлова Жансая. Тұрмыс жағдайлары жақсы. Сейтен Нұржігіттің тұрақты жұмыс орны бар. Үй жағдайы зерттелді, акт жасалды. Өгей әкелер ата – аналар жиналысына қатысады. Екеуі де әкелер мектебінің құрамына кіреді.